

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Алтын күз

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.10.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/168447/

Сатыбалды Нұргүл Бақтиярқызы

Мақсаты:

- 1) Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту;
- 2) Күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік беру, ойлау қабілетін дамыту;
- 3) Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

(Зал іші күзгі суреттермен, мерекеге сай сарғайған жапырақтармен безендірілген, залға музыканың сүйемелдеуімен балалар кіреді).

Тәрбиеші: Құрметті ұстаздар, кішкентай бүлдіршіндер! Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Күз мезгілі барлық үйге молшылық алып келсін!

Күзге арналған тақпақтарын айтады.

*Келді міне алтын күз,
Сары шашты жарқын жүз.*

Мол өнімді ісімен

Таңдандырып халқын күз.

(Осы кезде ішке сары киім киген түрлі-түсті жапырақтар тағынған алтын күз келеді)

Алтын күз: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Мен – Алтын күзбін!

Жайдары, жарқын жүзбін.

Қонаққа келдім сендерге.

Сәбіз, картоп, тәтті алма!

Оған достым таң қалма!

Жапырақ та сиқырлы,

Ойын ойнар түр-түрлі!

Тәрбиеші: Рахмет, саған Алтын күз! Қабыл алдық сыйды біз! Отырыңыз жайғасып!

Ал, ендеше, балалар, бекер қарап тұрмаңдар.

Жапырақ пен сиқырлы биімізді тез бастайық. (би «Жапырақтар»).

Алтын күз: Жарайсыңдар, балалар! Қалай керемет билейсіңдер. Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Үстіне тігіп көк шатыр, Ағайынды бәрі,

Астында қызыл дәу жатыр.

Шықса-көк, түссе-сары.

(Қызылша)

(Жапырақ)

Сырты жасыл қатты,

Іші қызыл тәтті.

(Қарбыз)

Тәрбиеші: Алтын күз, біздің балаларымыздың сізге арнаған жемістер туралы тақпақтарын қабыл алыңыз.

Асылым: Мен шиемін, шиемін,

Күннің көзін сүйемін.

Бекнұр: Мен алмамын, алмамын,

Таңдай татар бал дәмі бар.

(Музыка сүйемелдеуімен залға жалқау қыз жүгіре кіреді, жан-жақты шаша бастайды)

Алтын күз: Балалар, бұл кім? Неге ол тентек болып жүр?

Жалқау қыз: Балалар, қараңдаршы, қандай күшті ойыншықтар, келіңдер, бірге шашып ойнайық.

Тәрбиеші: балалар ойыншықтарды шашуға бола ма? Сындыруға бола ма?

Балалар : Жоқ, ойыншықты ұқыптап ұстау керек.

Тәрбиеші: Сондықтан, жалқау қыз, ойыншықтарды жинау керек.

Жалқау қыз: (Аяғымен тоқылдатып) Жоқ, мен жинамаймын. (бұртияды).

Тәрбиеші: Егер сен жинайтын болсаң, балалар саған тақпақ айтып береді.

Жалқау қыз: (қуана айтады) Ооо, онда жинаймын.

Балалар ортаға шығып тақпақтарын айтады.

Жалқау қыз: Керемет, жарайсыңдар, маған сендердің тақпақтарын ұнады. Ал сендер өлең айта аласыңдар ма?

Тәрбиеші: Әрине, балалар, қане бәріміз орнымыздан тұрып, ән салып берейік.

(қыздардың орындауында би «Қолшатыр»)

Жалқау қыз: Қандай керемет би! Енді бір ойын ойнап, көңілімізді көтерейік!

Алтын күз: Ал, балалар, сендер әнші де биші де екенсіңдер, олай болса сендердің ептіліктеріңді бір көрейін.

Тәрбиеші: Балалар, біз ептілігімізді жарыста көрсетейік.

Ойын. «Жемістерді жинаймыз»

. Ойын шарты: Балалар екіге бөлініп, себетке жемістерді жинайды. Жалқау қыз бен Алтын күз де ойынға қатысады.

Жалқау қыз: Тәртіпті бала болған қандай күшті. Мен де сендер сияқты тәртіпті, ұқыпты қыз болуға тырысамын!

Тәрбиеші: Олай болса, жарайсың!

Жалқау қыз: Ал, енді мен үйіме барайын. Өз ойыншықтарымды жинайын. Сау болыңдар балалар!

Тәрбиеші: Алтын күз, біздің балаларымыздың сізге ұсынар тақпақтары бар (Балалар өз тақпақтарын айтады).

Алтын күз: Керемет! Қандай әдемі! Балақайлар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым келіп қалыпты. Мен енді кетейін, сау болып тұрыңдар! Келесі кездескенше!

Жүргізуші: Балалар, Алтын күзге рахмет айтайық! Келесі кездескенше аманшылық болсын! (Балалар Алтын күзбен қоштасады. Музыка ойнап, Алтын күз шығып кетеді).

Жүргізуші: Алтын күздің сыйы – жемістерден де дәм тататын кез келген сияқты. Тобымызға баруға жиналайық. Ал, келген қонақтарымызға Сау болыңыздар!

Күз берекелі, астықты болсын демекпіз!